

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II - Б. 41-43

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ОРДАБАСЫ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА КЕЗДЕСЕТІН АРАМСОЯУДЫҢ ТАРАЛУЫ

Ниязбек А.

Кіріспе. Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту аграрлық саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Агроөнеркәсіп кешенінің негізгі міндеті-елді азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету. 2013-2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы еліміздің агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ жалпы ҚР ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған. Ел халқының 40% - дан астамының негізгі өмір сүру көздері мен қызметі ауылдық жер болып табылады, олардың көпшілігі үшін жер өндірістің негізгі құралы болып табылады. Аграрлық өндірістің тұрақтылығы-елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі. Астық және ауыл шаруашылығының басқа өнімдері-валюталық түсім көздерінің және әлемдік рыноктағы экспорттық экспансияның әлеуетті өнімдерінің бірі [1].

Өсімдік қорғау жұмыстары ауыл шаруашылығында жоғары және сапалы өнім өндіру үшін басты шаралардың бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығы егістіктерінде әрбір жыл сайын зиянкестер, аурулар мен арамшөптер үлкен зияндылығын тудырып келеді. Егістікте ауыспалы егістікті қолдану, агротехникалық, химиялық, биологиялық шараларды жүзеге асырып, уақытында егіп, жинап алу, жоғарғы элиталық сұрыптарды қолдану - зиянкестер, аурулар мен арамшөптердің азаюына, өнімнің мол болуына ықпал жасайды [2]. «Өсімдік қорғау және карантин» мамандығы агрономия саласындағы маңыздылығы жоғары, себебі тек өсімдіктерді қорғап қана қоймай, еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Еліміздің өсімдік байлығын, азық – түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты бағыттарының бірі- аса қауіпті және карантиндік фитопатогендік ұсақ ағзаларды, зиянкестерді және арамшөптерді кіріп кетуін, тарауына болдырмау жөніндегі шараларды іс жүзінде асырады [3].

Мәдени дақылдардың егістерінде ауру мен зиянкестердің көбеюіне ықпалын жасап, ылғалдылық пен қоректік заттарға бәсекелес болатын ерекше өсімдіктер тобы- карантиндік арамшөптер [4]. Арамшөп географиялық аумаққа енгеннен кейін, аз уақыттың ішінде саны артып, топырақты өңдеуге сондай –ақ механикалық шараларға кедергі келтіреді.

Зерттеу нысандары мен әдістемесі

Арамсоюлар Cuscuteae, Cuscutaceae – шырмауықтар туыстасы,

қосжарнақтылар табына жататын тоғышарлық тіршілік ететін, біржылдық өсімдіктер. Арамсоюдудың сабақтары өсімдікке жабысып орайды да, емізікшелері арқылы өсімдікке бекиді. Гүлдеу кезеңінде паразит сабақтары қылқалам тәрізді гүлшоқтарға немесе тығыз бастарға жиналған ақ-қызғылт гүлдермен жабылады [5]. Арамсою негізінен тұқыммен, қолайлы жағдай туғанда сабақтарының үзінділерімен де көбейетін қабілеті бар. Арамсою шөптекті және ағаштекті өсімдіктерін зақымдайды. Арамсою тек мәдени өсімдіктерде тоғышарлық тіршілік етіп қана қоймай арамшөптермен де байланыс түзеді. Ол жоғары зияндылықпен ерекшеленеді. Жоңышқа егістігіне тұқымы түскен арамсою өз егесін тапқаннан кейін, тез жайылып өседі, жанындағы өсімдіктерді түгелдей қамтиды: паразиттің бір тұқымы диаметрі 6 м² дейін зақымдану ошағын құрауы мүмкін, ал сабақтардағы жоғары тургалық қысым арамшөптерді бірнеше күн бойы солып қалмауына мүмкіндік береді. Арамшөппен зақымдалған жоңышқа, орылғаннан кейін кебуі қиындайды, нашар құрғайды, сол себепті олар зеңденеді. Осы азықпен қоректенгенде, кейде тіпті мал өлімінің себебі болады. АҚШ, Оңтүстік Корея және Қытай ғалымдарының зерттеулері бойынша, тіршілігінің соңына дейін арамсою қожайынымен байланыста болғандықтан, ол су мен қоректік заттарды ғана емес, таңқаларлығы, гендердің алмасуы жүреді деген болжамға келген. Зерттеушілердің талдаулары бойынша, далалық арамсою басқа өсімдіктердің генін сорып алатыны анықталған, өз қожайындарының 108 гені табылған. Нәтижесінде тоғышарлығы артатынын байқаған [6].

Зерттеу әдістемесі

Герботологиялық мониторинг жүргізу үш негізгі кезеңнен тұрады:

1. Бірінші кезең - қысқа мерзім ішінде ластанған жерді болжамдап және ол жерге химиялық өңдеу жүргізу үшін арамшөптердің өну кезеңінде яғни, көктемгі-жаздық мерзімде жүргізіледі;

2. Екінші кезең - ұзақ мерзімді болжамға, агротехникалық және химиялық қорғау шараларын қолдану үшін өнім жинар алдындағы жаздық-күзгі кезеңде жасалынады;


3. Үшінші кезең – күздік бақылау, топырақтың жыртылатын қабатын араптау әдісі арқылы арамшөптер тұқымдарымен танаптардың ластанғандығын растау мақсатында атқарылады [4].

Зерттеу нәтижелері

Ордабасы ауданы бойынша арамсоюдудың таралуын анықтау мақсатында 2019 жылы анықтау жұмыстарының нәтижесінде 2423,5 га жерге зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы зерттеу жұмыстары сәуір айының 08 күні басталды. Осы күнге дейін Шұбар а/о зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары Қараспан а/о де жалғасты. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Арыс-Темірлан тас жолы, Бөген а/о, Қараспан а/о, Бадам – Шұбар а/о Шымкент –Түркістан тас жолы және де Төрткөл а/о, үлкен елді мекендерге кіретін шығатын жолдардың екі жағалау 2019 жылдың анықтау жұмыстарының нәтижесі төмендегідей.

Түркістан ауданы жағдайында, арамсою өскін беруі – көктемнің екінші жартысында басталып, үшінші жартысында аяқталды. Бұл кезеңде арамсою

өскініне қажет ылғалдылық пен топырақ қабатындағы температура оңтайлы дәрежеде болады. Арамсоюу өскінінен 1-2 апта өткен соң сабақтану үрдісі басталады. Арамшөп сабақтануы 2-3 апта аралығында жүреді. Сабақтанған арамсоюу шанақтануы мамыр айының екінші жартысында, ал гүлдеу кезеңі маусым айының соңғы онкүндігіне тура келеді. Шілде айының бірінші онкүндігінде – арамсоюу тұқым беруі жүреді. Арамсоюуға қарсы күресу шараларын гүлдеу кезеңіне дейін жүргізу қажет, себебі пісіп жетілген тұқым қорапшасы шашылып жарылады.



Сурет 1. Ордабасы ауданы бойынша арамсоюудың 2018-2019 жылдары жүргізілген тексеру жұмыстарын салыстыру

Кесте 2 - Ордабасы ауданы жағдайында арамсоюудың таралуы, га

Аудан атауы	Арамсоюулар							
	Зерттелгені		залалданғаны			Өңделетіні		20 ж. өңдеу көлемінің болжамы
	Жер	Ақты	Аралығы	жаңа жерлер	Соның ішінде мемлекеттік жерлер	Өңделуге жататын бағалығы	Анашақ	
Бад ам	470	340			5	5	5	2
Бөр жар	600	360						
Шұ бар	500	280						

Қар аспан	6 00	3 63,5				8		3
Төр ткөл	6 00	3 20						1
Қаж ымұқан	5 30	3 00						1
Же ңіс	2 00	1 00						
Бөг ен	4 00	2 00						
Қар ақұм	3 00	1 60						
Бар лығы	4 200	2 423,5	3		5	1 3	3	7

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Агроөнеркәсіпті дамыту бағдарламасы 2013-2020

жылдарға арналған «Агробизнес-2020». 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 бұйрығы

2. Митюшев И.М. Англо-Русский терминологический словарь-справочник по защите и карантину растений. – Санкт-Петербург: «Лань», 2017. – 5 б.

3. Babbitt B. Problems of invasive species // Science in wildland weed management. Proceedings of the National weed symposium. Colorado, USA, 1998, p. 2

4. Сағитов А.О., Камбулин В.Е., Бадаев Е.А., Дінасылов А.С. Өсімдіктер карантині.. – Алматы, 2013. – 2 б.

5. Сағитов А.О., Дүйсембеков Б.Ә., Исмұхамбетов Ж.Д., Қойшыбаев М. Аса қауіпті және зиянды организмдердің (зиянкестер, аурулар, арамшөптер) фитосанитарлық мониторингі. – Алматы, 2016. – 280 б.

6. Волкова Е.М., Данкверт С.А., Маслов М.И., Магомедов У.Ш. Атлас плодов и семян сорных и ядовитых растений, засоряющих подкарантинную продукцию. – Москва, 2007. – 11, 200 б.

Жетекшісі: Бекенова Ш.Ш., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор